

ТЕОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ИСТОРИИ ПРАВА

С.С. Сартмаев

АДАЛ АДАМ АЙНЫМАС

Сексеннің сеңгіріне шыққан кісі «тәубені» көбірек айтады екен. Расында, осынша ғұмыр сыйлап, бақ дәулет беріп, жас-кәрінің алдында абыройлы еткен Жаратушы Иемізге мың да бір шүкіршілік етемін. Ертелі-кеш ризашылығымды білдіріп, шексіз алғысымды бағыштаймын.

Ертеректе ауыл тұрғындары шиеленіскен түйінді мәселеде орталарындағы қадірменді ақ сақалдың алдына жүгініп: «Қария, құдайшылығын айтыңызшы!» – деп төрелік сұрап жататын. Қазір ойлап қарасам, «құдайшылығын...» дегендері «Құдайдың көзінде оң саналатын шешіміңізді айтыңызшы» дегендері екен ғой. Неткен сенім! Неткен құрмет! Алланның атымен сөйлейтін адал жанның әділдігіне, туралығына шүбәсіз сенгендері де. Иә, аузына Құдайды алған адамның әділ, тура сөйлері хақ. Құдайға мойынсұнған адамның адалдықтан айнымасы анық. Ол үшін хан да бір, қара да бір. Ол жалтақтауды, жағымпаздандуды білмейді. Онда бүгежектеу, бұрмалау деген атымен жоқ.

Бәлкім, біреулер мұншалық кіршіксіз жандар тек ертегілерде болған, қала берді қашан орнайтыны белгісіз қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын сонау жұмақта болар деп, мырс-мырс күлетін де шығар... Күнкөріс үшін жанталасқан мына бетпақ заманда адалдық сақтаймын дейтіндер аштан қатар деп, пәлсапа соғатындар да табылар... Қырық күн атан болғанша, бір күн бура болғаным артық деп, кеудесін түйгіштейтіндер де ұшырасар... Бірақ мен үшін бір нәрсе анық: адал адамдар бұрын да болған, қазір де бар, һәм кейін де болады. Дәл осындай пікірді кезінде өз заманының кемеңгер ойшылы Дж. Адамс та айтқан екен. «Адамның бәрін бірдей адал деп ойлау – алаңғасарлық, ал адал адам атымен жоқ деп есептеу – одан өткен топастық,» – дейді көреген ғұлама. Рас, қатты айтқан. Тіпті жанға батыра айтқан. Дегенмен де жеріне жеткізе айтқанын мойындауымыз керек.

Тегі байбалам салып, «жоқ-жоқ» дегеннен гөрі, барды көре білген дұрыс-ау. Өз басым кісінің кемшілігінен бұрын ең алдымен жетістігін көруге тырысамын. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын!» деп, мақалдататыным да сондықтан. Бүгін қолыма қалам алып, ой толғауым да осындай ізгі ниеттен туындаған еді. Көптен көкейде жүрген бір асыл азамат туралы таза лебізімді білдірсем деймін. Кейіпкерімнің аты-жөнін естіген кейбіреулердің оның есімін бірден кешегі Желтоқсан оқиғасымен байланыстырып, менің сөздерімді сүзгіден өткізіп, әлекке түсетінін де ішім сезеді. Бірақ бұнысы бос әурешілік. Менің ақ басты бабалар жасына келген шағымда құдайшылығын айтқан әңгімемнің астарынан саясат іздеудің қажеті жоқ. Мен айтсам, әділін айтамын, турасын айтамын. Жақсының жұғымды жақтары өзгелерге өнеге болсын деп айтамын.

... Алпысыншы жылдардың басы болатын. Мен ол кезде Қазақ мемлекеттік университетінің Заң факультетінде деканмын. Бір күні таңертең жұмысқа енді кірісе бергенімде есікті қағып, кабинетіме бір жас жігіт кірді. Қимылы еркін. Үстінде әскери киім. Ұзын бойлы, ашаң, қара торы жігіт табалдырықтан аттаған бойда қаққан қазықтай сіресе қалып:

– Ағай, сізге үлкен өтінішпен келіп едім, баяндауға рұқсат етіңіз! – деді нақ-нақ сөйлеп.

Бейтаныс жігітті (өзімнің студенттерімді түгелге жуық танымын ғой) орындыққа отырғызып, өзін таныстыруды өтіндім. Сөйтсем, біздің университеттің тарих факультетінде оқиды екен. Бірінші курстың студенті. Совет Армиясы қатарындағы үш жылдық әскери борышын өтеген соң оқуға қабылданған көрінеді. Әскерге дейін педагогикалық училищені тамамдаған. Мектепте бастауыш кластарға сабақ берген. Бір совхозда комсомол ұйымының хатшысы болған. Партия мүшесі (сол уақыттарда бұл дегеніңіз ең басты «көрсеткіш» саналатынын жасырмағанымыз жөн шығар).

– Мұндағы сабағың қалай еді? – деп сұрадым.

Жас жігіт орнынан ұшып тұрды. Әскери тәртіпке әбден дағдыланғанын байқау қиын емес еді.

– Отырып сөйлей берсеңші, – дедім мен еріксіз жымыып.

Менің ескертуімнен кейін енді ғана орындыққа жайғаса берген жігіт қайтадан атып тұрды.

– Ағай, алғашқы қысқы сессиядағы емтихандардың барлығын «беске» тапсырдым! – деді ол ұялы көздері ерекше ұшқындап.

– Бәрекемді, ендеше қайта мұндай жағдайда оқуыңды әрмен қарай жалғастыра бермейсің бе?! – дедім мен шын тілеулестікпен.

– Жоқ, ағай, мен заңгер болғым келеді! – деді ол керзі етіктерін сарт-сұрт түйістіре қасқая қалшыып.

Бұл оның жүрек қалауы екенін мен қапысыз түсіндім. Темірдей тәртіпке қалыптасқан жас жігіттен жақсы заңгер шығатынына да нық сендім. Әсіресе, декан ретінде оның, оқу озатының өз факультетіме ауысқанын

іштей қалағаным да рас. Өмірлік тәжірибесі бар, ысылған, білімді азамат студенттер арасындағы мықты сүйенішім болар еді-ау деп, тәтті үміттенгенім де құпия емес.

Әңгіме барысында оның үйленгенін, кішкентай бір қыздарының барлығын, Алматының шеткері жағында пәтер жалдап тұрып жатқанын білдім. Міне, осыдан кейін-ақ оған көмек қолын созуды өзімнің борышым деп ұқтым. Басына түскен зіл батпан ауырпалыққа мойымай, алдына үлкен мақсат қоя білген ынталы жігітке ішім жылып, кам-қарекетіне қатты сүйсінген едім.

– Жарайды, мен сені біздің факультетке қабылдауға әзірмін, алайда бұл мәселені түбегейлі шешетін ректор, – деп мен сол жерде мән-жайды толығырақ түсіндірдім.

Ол соның артынша ректордың алдына кірді. Бірақ өкінішке қарай, өтініші орындалмады.

Күнделікті қарбалас тірлік әрмен қарай өз ретімен жалғаса берді. Ұшы-қиыры жоқ таусылмайтын деканаттың жұмысынан жан-жағыңа мойын бұруға мұршаң келмейді. Ойға шап, қырға шап. Анда үлгеруің керек, мында үлгеруің керек. Сөйтіп дедектеп жүргенде, өзге түгілі кейде өз басыңның қайда қалғанын білмейсің.

Осындай ала шапқын күндердің бірінде университеттің ұзын дәлізінде өткендегі жігітті сыртынан көріп қалғаным. Өзімнің білдей декан екенімді ұмытып кеткен мен:

– Тамас! Тама-а-с! – деп өңешімді кере айқай салыппын.

Бір топ студенттердің арасынан бөлініп шыққан ол жүгіріп қасыма келді. Үстіндегі әскери киімін әлі тастамаған. Сол керзі етік, сол галифе шалбар.

– Тамас, сенің мәселең бойынша... – дедім мен аяқ астынан тәуекелге бел буып. – Бүгін ректор алыс іссапарға жүреді. Сондықтан сен тез өтінішінді жаз. Мен «қабылдаймын» деп бұрыштама соғып беремін. Тарих факультетінің деканымен өзім сөйлесіп, бізге ауысуыңа келісімін аламын. Сосын уақытша бастықтың міндетін атқаруға тағайындалған проректорға жет. Ол кісімен де өзім хабарласып, мән-жайды түсіндіріп қоямын.

Содан бәрі біз ұйғарғандай болды. Тамас Айтмұхамбетов Қазақ мемлекеттік университеті Заң факультетінің бірінші курс студенті атанды. Қысқы семестірден кейін ауысқандықтан екі факультеттің арасындағы пәндер айырмашылығы бойынша біраз сабақтардан қосымша емтихан тапсырды.

Тамас өте үздік оқыды. Ол туралы университет ұстаздары барынша жақсы пікірде болды. «Өз бетімен ізденіп, көп оқиды, ой-өресі кең, білімді» дегенді олар жиі айтатын.

Университет қабырғасында жүріп, Тамас ғылыми зерттеу жұмыстарымен етене айналысты. «Халықтардың ұлттық тәуелсіздігі» деген тақырыпта ізденіс жасап, алғашқы нәтижесін студенттердің ғылыми конференциясында жария етті. Еңбегі жоғары бағаланып, жүлде алды.

Бұл тәуелсіздік хақындағы тұңғыш ізденістердің бірі еді. Қазір ойлап қарасам, сондағы ССРО деп аталатын алып державаны тізгіндеп, тізесімен қақпайлап отырған қызыл коммунистердің заманында ұлт туралы, ұлттың егемендігі туралы проблема көтеру дегенің, сөз жоқ, үлкен ерлік екен-ау. Амал нешік, ол тұста тап мұндай жайттарды, әсіресе ұлт мүдесіне қатысты мәселені дабыралап, қоңыраулату мүмкін емес болғандықтан, іштей сүйсініп, тым-тым алысқа меңзеген талантты студенттің арқасынан қағудан әрі аса алмадық. Ал ең өкініштісі, сол арқадан қақандардың ішінен: «Бала, абайла, ұстанған бағытың қауіпті екен!..» – деп жаны ашығанып тұрып, жолын кеспек болғандардың табылғанын қайтерсің...

Алайда жымысқы сөздерден үркіп, айылын жиған Тамас жоқ. Қайта аталмыш тақырыбын әрмен қарай жан-жақты кеңейтіп, соның негізінде дипломдық жұмысын жазып шықты. Университетті қызыл дипломмен бітірді.

Декандық қызыметте жүргендегі және бір оқиғаның есіме түсіп отырғаны. Бірде Әділет министрлігінен жедел хат келді. Семей және Павлодар облыстық соттарында мүшелікке бір-бір орынның бос тұрғандығы, соған тезірек кадр жіберуімізді өтініпті.

Жергілікті жерлерде сот саласы бойынша мамандар жетіспейтін кезең еді ғой. Бірақ тапшылық екен деп, студенттердің кез келгенін жөнелте салмасың және анық. Жіберген адамың барған жерде шикілік танытып, ұсынылған қызметін атқара алмай жатса, ең алдымен «ащы таяқ» университетке тиеді. Республикамыздағы №1 саналатын әйгілі білім ордасының беделіне нұқсан келеді. Сондықтан таңдау барысында қырағылық танытпасақ лажың қайсы?! Факультет әкімшілігі мен ұстаздар қауымы жиналып, талқылауды бастап кеттік. Бірінші таңдау – Айтмұхамбетовке түсті. Әрі оның кандидатурасы ешбір қарсылықсыз, бір ауыздан қабылданды. Сөйтіп, көп ұзамай 3-курстың студенті Тамас Айтмұхамбетов Павлодар облыстық сотының мүшесі ретінде қызметке кірісіп кетті.

Ұмытпасам, алпыс сегізінші жылдары болу керек, Тамас екеуіміз Алматыда кездестік. Ол өзінің Мәскеуге аспирантураға түскісі келетінін, студент кезде бастаған ғылыми тақырыбын әрмен қарай жалғастырмақ ойы барын айтты. Мен қуана қостадым. Білген ақыл-кеңесіммен бөлістім. Кейін ол Мәскеуде кандидаттық диссертациясын қорғады.

Араға біраз жылдар салып, бір жолы іссапармен Павлодарға ат басын тірегенім бар. Бұл кезде Тамас қала прокурорының орынбасары екен. Менің сонда жүргенімді естіп, артымнан қонақ үйге арнайы іздеп келді. «Әуре болмай-ақ қойсаңшы, мен демалыста жүрген жоқпын ғой!» дегеніме қарамастан, үйіне ертіп әкелді. Аяулы анасымен шүйіркелесіп отырып, бір дастарқаннан дәм таттық. Самайын қырау шалған кейуананың ойлы да мәнді әңгімелерін тыңдадық. Сонда айтқан бір пікірі әлі күнге дейін есімде жатталып қалыпты.

– Қарағым, баламның ұстазы болғандықтан сен де бізге бөтен емессің ғой. Оның үстіне, көп оқыған, білімді азаматсың, сондықтан мына бір сөздің төрелігін өзіңнен естіінші, – деп ұлына айтқан бір әңгімесін ортаға салған. – Жақында баламнан: «Қалқам, байқаймын, осындағы жұрт сені қатты қадірлейтін сияқты. Сонда олар сенің өзіңді құрмет тұта ма, әлде қызметінді құрметтей ме?» – деп сұрадым. Балам: «Апа, екеуі де бар шығар...» – деп жауап қайтарды. Меніңше, шындығы да солай-ау. «Бәрекелді, балам, ақиқатын жасырмадың. Яғни,

алғашқыларының жайы маған түсінікті, олар сенің бойындағы жақсы қасиеттеріңді бағалайтындар болғаны ғой. Ал кейінгілері, қызметіңді құрметтейтіндей сен нендей шаруамен айналысасың?» – дедім. Балам: «Апа, менің қызметім – заңның орындалуын қадағалау,» – деді. «Ендеше, қалқам, ең алдымен өзің заңға адал болғайсың, сонда «Балық басынан шіридінің» кері келмес,» – дедім. Міне, бұған қалай қарайсың?

Әрине, мен ананың сөзін толық құптадым. Тамас шәкіртінің қызметте тез көтерілуінің сырын да енді ұққандаймын. Жан баласына, заң атаулыға қиянат жасау дегенді білмейтін оның әлі де қызметте өсе беретіндігіне еш қуманданбадым. Дәл қарсы алдымда отырып, ағынан жарылған терең ойлы, парасатты ананың өрелі өнегесін көріп, дана сөздерін тыңдап өскен ұлдың әлі де талай-талай белестерге көтерілетіне бек сендім.

Бұл солай болды да. Қызмет баспалдақтарымен жоғары өрлеген Тамас Айтмұхамбетов Павлодар облыстық прокуратурасының бірінші орынбасары, Республика Прокуратурасының бөлім бастығы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сектор меңгерушісі қызметтерін атқара келіп, 1984 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағалығына сайланды. Ана өсиетін берік ұстанған ол сот саласындағы осынау ең жоғары лауазымға тек өзінің іскерлігінің, өзінің адалдығының арқасында ғана қол жеткізді деп білемін. Мен оны ықпалды әлдекімдердің қызметте жоғары қарай «сүйрелегенін» көрген де, естіген де емеспін. Бұл жан тазалығының – адалдықтың жемісі болатын. Бұл ешбір қоспасыз өркендеген адалдықтың мәрт мәуесі еді.

Жайқала өсіп, төгілдіре жеміс салған мәуелі ағаштың кейде күтпеген жерден аласапыран дауылға ұшырап, зардап шегіп жататыны бар. Сексен алтының желтоқсаны Айтмұхамбетов үшін тап сондай болды. Сыныққа сылтау таба алмай жүргендердің айдарларынан жел есті. «Жоғарғы Сот қайда қарап отыр!» деп, ұрандата жөнелді. Бармағын ішіне бүккен қайсыбіреулер әдейі қысастықпен ортаға от тастаса, ештеңенің байыбына көзі жетпесе де дүрмекке ілескен өзге біреулер сол отты үрлеп бақты...

Меніңше, қой терісін жамылған қасқыр сияқты, Желтоқсан оқиғасын бүркемеленіп, тасадан тас атуды тоқтататын кез жетті. Мен бұл туралы өз ойымды бұған дейін де айтқанмын. 1989 жылы Айтмұхамбетов ҚР Жоғарғы Сотының төрағалығына екінші мерзімге сайланғалы жатқанда, әлдекімдер Желтоқсан оқиғасын көлденең тартып, Тәкеңнің беделіне көлеңке түсірмек те болған. Сол кезде мен бүкіл депутаттардың алдында «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды» дегеннің кері келмесінге саятын біраз әңгіме айтқанмын. Студент кезінде ұлттық тәуелсіздік туралы зерттеу жүргізіп, тәуелсіздік тақырыбында дипломдық жұмыс жазып, аспирантурада осы тәуелсіздік мәселесіне қайта оралған ұлтжанды азамат, желтоқсандықтар көтерген ұлттық тәуелсіздікке қалай қарсы болмақ?! Бұл – абсурд! Құлаққа кірмейтін сандырақ. Мен мәртебелі депутаттардың көзін осыған жеткіздім.

Айтмұхамбетовтың тікелей араласуымен дәл сол мерзімге дейін сотталған жастардың 60-70 пайызының түрмеден босатылғанын көлденең тарттым. Егер Жоғарғы Соттың төрағасы Желтоқсан оқиғасымен айналысқан Мәскеулік шенеуніктердің қолына оңтайлы асық болса, Айтмұхамбетовтың мәселесі Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің бюросында арнайы талқыланып, сол жерде Айтмұхамбетовке «Түрмедегі желтоқсандықтарды шетінен босатып жатыр!» деген қатаң айып тағылмас еді ғой дегенді ашына айттым. Әділдік үшін арпалысқан Айтмұхамбетов бір бұл ғана емес, таяуда Оңтүстік Қазақстан облысында «мақта мәселесімен» сотталған 64 адамға да араша түсуде. Не үшін? Сырттай қарағанда, бәрі заңды істелінген. Қылмыс бар. «Приписка» орын алған. Яғни, жоқ мақта үшін мемлекеттің қыруар ақшасы жұмсалған. Сөйтіп, «дәлелденген» қылмыс үшін «айыптылар» түрмеге жабылған. Тек олар кімдер? Сушы, терімші, таразышы, бригадир, есепші, карауыл, т.т. осы секілді өңкей «майда шабақтар». Сонда сан миллиондаған қаржыны осылар ғана қымқырды дегенге кім сенеді?! Тағы да – абсурд! Адам иланбайтын гөй-гөй... Міне, Айтмұхамбетов те бұған сенбейді. Сенбегендіктен нақақтан-нақақ күйіп бара жатқандарға ара түседі. Егер ол «шаш ал десе, бас алатын» желтоқсаншыларды жазалаушылармен бірге болса, егер ол «көз қысты, бармақ бастымен» мақташыларды былыққа батырған жемқор жылпостармен сыбайлас болса, жәбірленушілерге жақтасып несі бар?! Тек адал адам ғана әділдікке ара түссе керек. Адал адам ғана ананың сүтімен сіңген әзіз қасиеттерінен ешқашан айнымасы анық.

Ақиқат шындыққа көздері жеткен Жоғарғы Кеңестің депутаттары сол жолы Тамас Айтмұхамбетовты екінші кезеңге Жоғарғы Соттың төрағалығына қайыра сайлады.

Тәкең туралы әңгіме қозғағанда, міндетті түрде оның отандық ғылымға қосқан қомақты үлесін зор мақтанышпен аузымызға аламыз. Расында, заң ғылымдарының докторы, профессор Тамас Қалмұхамбетұлы ғылым саласына аз еңбек сіңірген жоқ. Оның көп ғалымдардан басты ерекшелігі, теория мен практиканы қатар алып жүруінде болса керек. Сондай-ақ оның ағылшын тілін жетік білетіндігі, Пәкістан Ислам Республикасында Төтенше және өкілетті елші, Польша Республикасында Уақытша сенімді өкіл қызметтерін атқарғандығы, АҚШ, Канада, Германия, т.б. шет елдерде тәжірибе алмасу іссапарларында болып қайтқандығы өз ғылымымызды дамытуға мол пайдасын тигізуде.

Әлі есімде, тоқсаныншы жылдардың бас кезінде Америка құрлығынан жиырмашақты жас заңгерлер елімізге келген-ді. Ол уақытта мен Қазақстан заңгерлер қоғамының төрағасы болатынмын. Сонда американдықтардың алдына лекция оқуға шыққан Тәкең ағылшын тілінде заулата жөнелсін. Мен аң-таңмын. «Ау, сен ағылшынша сайрап тұрсың ғой!» – деп, шетелдіктердің алдында бір марқайып қалғаным бар. Кейін тағы бірде АҚШ-қа іссапармен барған кезімде, Тәкеңнің Вашингтонның қақ төрінде Сенат комиссиясының алдында ағылшын тілінде баяндама жасағанын көріп, және қуандым.

Ағылшын тілін еркін меңгергендігінің арқасында Айтмұхамбетов шет ел заңнамаларын жан-жақты зерттеп, олардың озық жақтарын өзімізде тиімді қолданып келеді.

Кезінде Тәкең Қазақстанның тұңғыш Конституциясы мен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әзірлеген жұмыс тобының мүшесі, ҚР Қылмыстық кодексінің жасаған жұмыс тобының жетекшісі ретінде аталмыш заңдардың

ойдағыдай өміршен болып шығуы үшін көп тер төкті. Әсіресе, өзінің басшылығымен өмірге келген ҚР Қылмыстық кодекстің жобасын Жоғарғы Кеңесте депутаттардың алдында алғаш рет қазақ тілінде баяндап шыққанда, үлкен ризашылықпен қолын қысып, рақметімді айтқанмын.

«Барлық ұлдарым – бір төбе, Ертөстігім – бір төбе» дегендей, Тамас Қалмұхамбетұлының «Сот үкімдері мен қаулыларының дамуы» атты еңбегі өз алдына бір әлем. Аталмыш жинақта сот өндірісіндегі маңызды институттардың бірі – қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін қайта қараудың пайда болуы және дамуы мейлінше тиянақты талданады. Кітапта осы институттың Көне Греция және Рим құқықтарынан қалай бастау алып, кейін Еуропа елдерінде де кеңінен қолданысқа енгендігі рет-ретімен жүйелі түрде әңгімеленеді. Еңбекте Қазақстандағы қайта қарау институттарының өркендеу жолдары сөз етілгенде, ғалым ата-бабаларымыздың ертедегі дәстүрлі құқық нормаларынан бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта тыңғылықты зерттеу жүргізеді. Осы оқу құралымен танысу барысында автордың еңбекқорлығына, ізденімпаздығына қайран қалдым. Аталмыш тақырыпта қазақ тілінде алғаш рет жарық көріп отырған бұл кітаптың тілі өте жатық, шұрайлы екенін де атап өткен лазым. Түйіндеп айтқанда, Тәкеннің ғылым саласында да о бастағы өзіне тән адалдығынан еш айнымай, тек өзінің таза еңбегімен биіктен-биікке өрлеп бара жатқанына және бір көзіміз жетті.

Алынған асуларға масаттанып, қарақан басының жетістіктеріне малданатын Тәкең емес. Ол бар білгенін, жиған-терген тәжірибелерін жас әріптестеріне, шәкірттеріне үйретуге құмбыл. Оның жетекшілігімен бірнеше докторлық, бес-алты кандидаттық диссертация қорғалды. Мерзімді баспасөз беттерінде алпысқа жуық ғылыми, ғылыми-публицистикалық, проблемалық мақалалар жарияланды. Көптеген оқу-әдістемелік, бағдарламалық құралдарды жарыққа шығарды. ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот академиясының ректоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі қызметтерінде жүріп, магистранттар мен студенттердің білім деңгейін көтеруге, ізденімпаздығын арттыруға байланысты талай тыңғылықты істердің ұйытқысы болып келеді. Мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асыруға үнемі құлшына атсалысады. Қазір таяуда ғана Елбасының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын» мамандарға, студенттерге насихаттауды, түсіндіруді бастап та кетті.

Иә, мен Тәкенді, Тамас Айтмұхамбетовты «Менің студентім!» деп үлкен мақтанышпен айта аламын. Өйткені Тамасты өзіне теліп, өзінің шәкіртің ретінде қалай мақтансаң да жарасып, абыройына абырой қосары шүбәсіз. Бірақ ол жекенің емес, көптің адамы. Халқына еңбегі сіңген адам. Сондықтан да бүкіл ел болып мақтануға әбден тұрарлық азамат деп білемін. Кейінгі ұрпақ осындай еліне, халқына адал азаматтан үлгі алып өссе екен деп тілеймін.

Н.Қ. Мыңбатырова

БИЛЕР СОТЫ БОЙЫНША ҚҰН ДАУЫН ШЕШУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдет құқығы пайда болып қалыптаса бастаған кезден-ақ оның құрамында адам өмірі мен оның денесінің саулығын қорғауға арналған қағидалар мен нормалар жүйесі түзіліп қалыптаса бастады. Бұл нормалар әуелде «қанға - қан, жанға - жан» қағидасы негізінде топтасып, іске асса, бірте-бірте бұл қағиданы «құн төлеу» институты ығыстыра бастағанын байқауға болады. Құн төлеудің негізінде адам өлімі үшін немесе адамның денесіне жарақат түсіргені үшін белгілі бір мөлшерде материалдық төлем ақы төлеу керек деген ой-сана жатты.

Дәстүрлі қазақ қоғамында құн даулары «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» т.б. көрсетілген нормалар бойынша шешілетін. Сондықтан осы заң жинақтарында адам өлімі үшін және жарақат салғаны үшін қандай жазалар белгілегенін келтіре кеткен жөн. Мысалы, көшпелі қазақ қоғамын зерттеуші белгілі орыс ғалымы А.И.Левшин «Жеті Жарғыға» сілтеме жасай отырып былай деп жазады: «по сим постановлениям, родственники убитого имеют право лишать жизни убийцу, а отрубивший руку, ногу, ухо и прочее должен быть лишен той же части тела. Впрочем, наказания могут быть смягчаемы по приговорам судей или согласно истцов, и тогда преступник наказывается только установленного за всякое преступление платою. Убийца возвращает себе жизнь, платя кун, т.е. отдавая за каждого убитого мужчину 1000, а за женщину 500 баранов. Изувечивший или отрубивший другому какой-нибудь член платит равным образом определенное число скота. Большой палец стоит 100 баранов, мизинец 20, и так далее»/1.367/. Ал, «Жеті Жарғының» белгілі зерттеушісі Н.Өсерұлы бұл тізбекті былай жалғастырады: «Екі көзді шығарса – толық құн; бір көзіне – жарты құн; екі құлағын кессе – жарты құн; екі қолын кессе, мүгедек етсе – толық құн; әрбір саусағы үшін оннан бір құн; әйелдің екі емшегін кессе – толық құн; еркек піштірілсе – толық құн; қатты соққыдан адам жынды болса – толық құн; жаңа біліне бастаған нәресте үшін – бір тоғыз айып; 5 айлыққа дейін – 3 тоғыз; 5 айлықтан жарық көргенше – жарты құн; ал жарық көрсе – толық құн»/2.46/.

«Жеті-Жарғы» сұлтандар мен қожалардың өлімі үшін жеті құн төленуі керек деп бекіткен. Бұл заңда сондай-ақ өлім-жарақаттың басқа түрлеріне де нақты жазалар белгіленген еді. А.И.Левшиннің айтуы бойынша: «Если жена умертвит мужа, то она непременно предается смертной казни, от которой не может спасти заплата куна, если родственники не простят ее. Из правила сего исключаются беременные жены, которые за убийство мужа не наказываются, но навсегда предаются презрению и почитаются бесчестными. Если муж убьет жену, то он может избавиться от казни, заплатив кун»/1.367/.

Мінеки, біз «Жеті Жарғының» өлімге және дене жарақатына байланысты баптарынан түгелге жуық үзінді келтірдік. Олардың басты мәні – дәстүрлі қазақ қоғамында «қанға - қан, жанға - жан» принципі біршама ұзақ